

Ж.А. Тойбек, А.Б. Мырзабаев

АДАМГЕРШІЛІК – АСЫЛ ҚАСИЕТ

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан

Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты дамыған, рухани бай, шығармашылық белсенділігі жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру, жаңаша оқыту мен тәрбиелеу жағдайындағы жүйелі жұмыстың әдістерін жасау – бүгінгі білім беру мен тәрбиелеудің басты нысанасы.

Мектеп ұрпақты, жан-жақты дамыған, рухани бай, шығармашылық белсенділігі жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру, жаңаша оқыту мен тәрбиелеу жағдайындағы жүйелі жұмыстың әдістерін жасау – бүгінгі білім беру мен тәрбиелеудің басты нысанасы.

Мектеп - ұрпақты білім нәрімен сусындататын, тәрбиелейтін киелі орда, ал мұғалім осыны жүзеге асыратын басты тұлға. Өз ісін сүйетін, білікті әрі тәрбиелі маман ғана жан-жақты, адамгершілігі мол тұлға қалыптастыра алады.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Осы ретте адамгершілікке тәрбиелеудің мән-мағынасы зор.

Адам - ең әуелі адамгершілігімен, парасаттылығының биіктігімен көрікті. Адамгершілік тәрбиесі жас ұрпақтың қоғамға, отбасына, Отанға, қоршаған ортаға деген қатынасын қалыптастырады және адамгершілік құндылықтарға негізделеді. Егер адамда адамгершілік қасиет болмаса, ол адам өзін және өзгені де сыйламайды. Тәрбие мен білімді қатар беру адамгершілік ұғымы, принциптері, мінез-құлық нормалары жайындағы біліммен кемелдендіре түседі. Оқушылар пәнді оқып -үйренумен шектеліп қана қоймай оқу, тәрбие, еңбек ету, адамдармен қарым-қатынас жасағанда адамгершілік олардың сеніміне, бет-бейнесіне айналады.

Адамгершілік қатынастар моральдық нормалармен өлшенеді. Моральдың негізгі міндеті - адамның мінез-құлқын тәрбиелеу, осы арқылы олардың бойында әдеп сақтау қатынастарын қалыптастыру, адам мен қоғам арасындағы қатынасты реттеу [1].

Адамгершілік тәрбиесі оқушылардың моральдық сенімдерін, жағымды мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастырады. Адамгершілік тәрбиесінің теориялық мәселелері Әл-Фараби, Ыбырай, Абай, т.б. еңбектерінде кеңінен қолданыс тапқан.

Әл-Фараби «Адам - өз өмірінің қожасы, сондықтан өз бағытын өзі жасауы керек. Ол не нерсеге де ұқыптылықпен қарап, жиған-тергенін орынсыз шашпай, кез келген адамға сырын ашпай, өзінің мақсат мүдделері жөнінде достарымен ғана бөлісіп отыруы керек. Осылайша өмір сүрген адамның ғана ар-ожданы таза болады" деген.

Ұлы Абай да адамгершілік, әдептік нормалары жайында көптеген пікірлер қалдырып, ұлағатты сөздерін жазып кеткен. «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» - осы жаман қылықтардан аулақ болу керектігін өз өлеңінде көрсетіп кеткен [2].

Оның бірінші қоятын талабы - мораль жағынан ұстамды, таза болу, сыпайы мінезді, жақсы құлықты, әділетшіл, шыншыл болу. Әдепсіз, арсыз, байлаусыз, сұрамсаң, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді сияқты жаман мінездер мен әдеттерден, жарамсыз қылықтардан сақтанып, өзін одан жоғары санап, ондай қылықтарды бойына лайықсыз көрсе ғана, адам парасатты болады.

Абайдың қоятын екінші талабы - тұрақтылық, "Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегеніне тұрарлық, мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын" дейді. Үшінші талабы - әділетшілдік. Әлеуметтік міндеті - дүниені белсене құрушы адамның бірі болып, халқы, Отаны үшін қызмет істеуі [2].

Абайдың төртінші қара сөзінде де мейірімділікке терең мән берген. Қазақ халқы – мәдени мұрасы бай, өзіне біткен табиғи ерекшелігі бар, сергек ой, сезімтал жүрек, дәстүрлі тәрбие, әдіс-тәсілдері бар халық. Қазақ топырағында туып, білім алған, кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырған ұлы тұлғалар: Әбу Насыр Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ш.У әлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, А.Байтұрсынов, С. Торайғыров, М. Сералин, М. Әуезов, С. Мұқанов, С. Көбеев, Б. Момышұлы, М. Ғабдуллин, тағы басқа ойшыл ғалымдар мен ақындар ғылымның әр саласы мен әдебиеттің, мәдениеттің дамуына игі ықпал жасады.

Тәлім-тәрбие берудің басты саласының бірі - ұлтжандылық, халқы үшін адал қызмет ету.

Профессор М. Ғабдуллин өзінің "Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес" еңбегінде "Бүгінгі жастарды ұлтжандылық рухта тәрбиелеуде ақын-жыраулардың өнеге сөздерінің белгілі мөлшерде пайдасы бар екені нақ. Мұндағы тәрбиелік мәні бар әңгімелер жастарға жат емес. Халықты сүй, халық үшін ерлік еңбек ет, ел-жұртқа қорған бол деушілік қазіргі күнде ескірген сөздер емес, қайта мағыналы, мәнді сөздер. Сондықтан бұлардың ішінен жастарымызды тәрбиелеуде әсер ететіндерін таңдап алып, орнымен пайдалана білсек, нұр үстіне нұр болар еді", - дейді. [3]. Осы тұрғыдан алғанда қазақтың ұлы ойшылдарының кемеңгерлік ой-пікірлерін оқу-тәрбие ісінде орынды пайдалана отырып, оқушы-жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу - әрбір тәрбие мен білімді қатар беретін ұстаз үшін басты парыз.

Жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуге қажетті негізгі адамгершілік қасиет, С.Көбеевтің пікірінше, ұлтжандылық болып табылады. "Тұған елін сүю сезімі туа біткен сезім болып табылмайды, оны адамға табиғат тарту етпейді. Елжандылықты қоғам мен жекелеген адамдар бойына сіңіріп, дамытып, тиісті деңгейге көтереді. Отбасы мен мектеп жастарды асқақ ұлжандылық сезімге тәрбиелеуге тиіс" - дейді ол.

С.Көбеев жастарды елжандылыққа тәрбиелеуде биология, география, жаратылыстану, тарих пәндерінің маңызын атай келіп, оқушыларды елжандылық пен ерлікке тәрбиелеуде алуан түрлі қоғамдық істерді пайдалану

керектігін, әсіресе, өлкетіну мұражайларына және туған өлкедегі тарихи жерлерге саяхатқа апару, еңбек және соғыс ардагерлерімен кездесу кештерін өткізіп отыру істерімен бірге мәдени-әдеби мұраларды да тиімді пайдалану керек -, дейді.

С.Көбеев баланың өз Отаны үшін қажетті азамат болып қалыптасуында ата-ананың алатын орны мен атқаратын мәнін зор бағалап, отансүйгіштік тәрбие негізі ана тілі екенін терең түсіндіре білді. Оның пікірінше, жас ұрпаққа білім беру өз ана тілінде жүргізілуі керек. Барлық ақыл-ойын, күш-жігерін аянбай жұмсап, өз өмірінің жарты ғасырдан астамын мектепте өткізген С.Көбеев халықтар достығы жолында жалынды жаршы бола білді, жастарды туған халқын құрметтеуге тәрбиеледі. Еліміз егемендік алып, мемлекет ретінде қалыптасты. Экономикадағы, саяси-әлеуметтік, ғылым салаларындағы жетістігіміз мақтануға тұрарлық. Осы жетістіктер аясында жас ұрпақта Отанын сүйуге, ол үшін аянбай қызмет етуге тәрбиелеу - әр педагогтың басты міндеттерінің бірі.

Ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, біздің заманымызға дейін жетіп отыр. Халқымыздың рухани бейнесін әдебиет, өнер, ғылым, мінез-құлық, ұлттық сезім, әдет-ғұрыптар, т.б. бейнелейді.

Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыздың асыл, абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ету үшін, әрбір тәрбиелі ұстаз, халық педагогикасын, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білуі қажет. Жетілген мінез-құлық үш нерсенің - жүректің, ақылдық және қолдық бірлігі мен келісімі. Бала өз жүрегін тыңдауға үйренсе, жүрегінің айтқанын істейтін болса, өмірден өз орнын табады. Адам баласының өмір тәжірибесінде қалыптасқан үлкендерге құрмет көрсету ізеті өшпес дәстүрге айналған.

Адамгершілікке тәрбиелеу барысында қыздар тәрбиесіне аса мән берген. Қыз бала қай халықта болмасын әдемілік пен әдептіліктің, сұлулық пен сымбаттылықтың символы. Халқымыз қыз психологиясы ерекшелігін түсіне білген. Отбасы, әке-шешесі, аға-жеңгелері, бойжеткен қызын жібектей мінезімен, уыздай тәтті қылығымен, іскерлік -ұқыптылығымен, сыпайы-салмақтылығымен, әдепті-ізеттілігімен көргісі келген. Оларды кішкентайынан көздің қарашығындай сақтап, жаны мен арының таза, мінезінің жайсаң болуын қадағалап отырған, олардың мінездерінің өзгертіндігін ескере отырып, "қырық үйден тыю" керектігін үнемі ескеріп отырған.

Сұлулық пен сымбаттылықты, шеберлік пен іскерлікті қажетсінетін үй ішілік еңбекке (кесте тігу, өрнек, кілем тоқу) көркем сөз, ән-күй, айтыс секілді өнерге баулуды-бойжеткен тәрбиесінің басты міндеті санаған. Халқымыздың ұлттық дәстүрінің бір ерекшелігі - ақыл-кеңесті жас ұрпақ

санасына, әсіресе қыз балаға тұспалдап, астарлап жеткізу. Мысалы, "Келінім саған айтам, қызым сен тыңда". [4].

Қыз тәрбиесінде-күш көрсету, қорқыту тәсілдерінен бойды аулақ ұстап, мәпелеу, сендіру, үлгі өнеге әдістеріне ерекше мән берген. Әдепті қыз үсті-басын таза ұстап, сәнді киінуге, айналадағыларға қарап бой түзеуге тырысады, шаш күтімі, тіс күтімі сияқты кісіге ажар беретін косметикалық-гигиеналық талаптарды сақтайды. Жақсы мінезге қыз бала жастайынан үйренсе ғана ол бойға қонымды болады. Мінез-құлық тәлімі, бойжеткеннің мінез-құлқы, психологиясы туралы жазылған, жақсы ақыл-кеңестер беретін.

Халқымыз бойжеткен қыздың алдына келешектегі өмірлік міндеттерін қойып, орындап отыруды қыздық абыройы деп санаған. Олар: ізетті болу, әсем киіну, әкені күту, шешені сыйлау, дөрекі сөйлемей, қабақ шытпай жүру, үлкендердің алдынан кесіп өтпеу, ұқыпты болу, өсек айтпау, ұрпақ тәрбиесінен хабардар болу, ұлттық дәстүрлерді құрметтеу, ана тілін ардақтау, орынсыз сөз айтпау, арқан, жіп есе білу, сиыр сауа білу, кілем тоқып, кесте тіге білу, т.б. секілді мінез-құлықтық қасиеттер мен дағды икемділіктері.

Қорыта келгенде, Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай, «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы». Сондықтан мектепте білім берумен қатар, пәндік және пәннен тыс жұмыстар жүргізу кезінде атқарылатын жұмыстар оқушылардың адамгершілік, рухани, мәдени жағынан қабілетті болып жетіліп шығуына ықпал етеді.

Сілтемелер

1 Тілеужанов М.М. Қазақ халықтық педагогикасының кейбір мәселелері. – Москва, 1991.

2 Құнанбаев А. шығармаларының толық жинағы. – Алматы, 1954.

3 Сейталиев Қ.Б. Тәрбие теориясы. - Алматы, 1976.

4 Байжанова Ж. Қызым саған айтам. - Алматы, 1990.